

## Ғарыш қызметі саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 216/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 желтоқсанда № 17994 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 842/НҚ бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 25.12.2024 № 842/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабының 2-1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

#### 1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппараттарын басқару" кәсіптік стандарты;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін қабылдау және өңдеу" кәсіптік стандарты;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Ғарыш аппараттары мен ғарыш жүйелерін жобалау" кәсіптік стандарты;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Зымыран-ғарыш техникасы мен жерүсті ғарыш инфрақұрылымының объектілерін пайдалану" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті:

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
- 3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін, оны Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

*Б. Атамқұлов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрлігі  
2018 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс және аэроғарыш  
өнеркәсібі министрінің  
2018 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 216/НҚ бұйрығына  
1-қосымша

## **"Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппараттарын басқару" кәсіптік стандарты**

### **Тарау 1. Жалпы ережелер**

1. "Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппараттарын басқару" кәсіптік стандарты Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппараттарын басқару бойынша кәсіптік қызмет саласындағы маманға, оның дағдыларына, біліктеріне және құзыреттеріне қойылатын біліктілік талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға жұмыскер дайындығының, оның білімі, машықтары және дағдыларының дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын жұмыскердің даярлық деңгейіне және құзыреттілігіне қойылатын талаптардың жиынтығы. Біліктілік деңгейі ұлттық және салалық біліктілік шеңберлері дескрипторларының деңгейіне және мазмұнына сәйкес келеді;

3) ғарыш жүйесі – ғарыш кеңістігіндегі міндеттерді шешуге арналған функционалдық-өзара байланысты орбиталық және жерүсті техникалық құралдарының жиынтығы;

4) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысқан іс-қимылдар жиынтығы;

5) еңбекті ғылыми ұйымдастыру – еңбекті ұйымдастыру саласында ғылыми және практикалық жетістіктерге негізделген еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру процесі;

6) Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау – ғарыш кеңістігінен құрлық, мұхит және атмосфера элементтерінің өзіндік және шағылысқан сәулеленуін байқау мен өлшеу арқылы Жер беті мен қойнауы туралы ақпарат алу процесі;

7) Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесі – ғарыш түсірілімдері арқылы ғылыми, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және қорғаныс міндеттерін шешу мақсатында Жер беті және жер беті құрылымы туралы кеңістіктік деректерді жинауға, жаратылыстық табиғи параметрлер мен құбылыстардың, табиғи ресурстардың, қоршаған ортаның, сондай-ақ антропогендік факторлар мен түзілімдердің сипаттамасын және уақытша құбылмалылығын сипаттауға арналған жүйе;

8) Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппараттарын басқару – Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау үшін бағытталған ғарыштық ұшу аппараттарын пайдалану;

9) Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппараты – ғарыш кеңістігін зерттеу және (немесе) пайдалану мақсатында ғарыш кеңістігіне шығаруға арналған техникалық құрылғы;

10) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығынан және оларды орындауға қажетті құзыреттіліктерден қалыптасқан кәсіптер жиынтығы;

11) кәсіптік стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

12) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде игерілген және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, машықтарды және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметі кәсіптерінің негізгі түрі;

13) кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі (ұқсас немесе бір-біріне жақын міндет, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және еңбек функциялары мен оларды орындау үшін құзыреттіліктердің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

14) құзыреттілік – жұмыскердің кәсіби және еңбек қызметінде білімін, машықтарын және тәжірибесін қолдану қабілеті;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

2) БА – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7755 болып тіркелген);

3) ЖҚЗ ҒЖ ҒА – Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппараты.

## **Тарау 2. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппараттарын басқару".

5. Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппараттарын басқару бойынша кәсіптік қызмет саласындағы маманға, оның дағдыларына, біліктеріне және құзыреттіліктеріне қойылатын біліктілік талаптарды белгілеу.

6. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: ЖҚЗ ҒЖ ҒА-ны басқару ЖҚЗ ҒЖ ҒА-ның штаттық тәртіпте жұмыс істеуін қамтамасыз етуді қамтиды.

7. Негізгі топ: Физикалық және инженерлік қызмет бағыттары саласындағы біліктілік деңгейі орташа мамандар, табиғи және инженерлік ғылымдар саласының мамандары, ұйымдардың және олардың құрылымдық бөлімшелерінің (қызметтерінің) басшылары.

Кәсіптік топ: Электрондық есептеу машинасына және әртүрлі компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсету бойынша техниктер мен операторлар, физикалық және инженерлік қызмет бағыттары саласындағы біліктілік деңгейі орташа мамандар, инженерлер мен тектес кәсіптер мамандары, мамандандырылған (өндірістік-пайдалану) бөлімшелердің (қызметтердің) басшылары, ұйым басшылары.

## **Тарау 3. Кәсіптер карточкалары**

8. Кәсіптер тізбесі:

1) телекоммуникациялық жүйелер бойынша техник – СБШ бойынша 4-біліктілік деңгейі;

2) инженер – СБШ бойынша 5-біліктілік деңгейі;

3) техникалық қызмет көрсету бойынша жетекші инженер – СБШ бойынша 6-біліктілік деңгейі;

4) бас инженер – СБШ бойынша 7-біліктілік деңгейі;

5) бас конструктор – СБШ бойынша 8-біліктілік деңгейі.

Кәсіптер карточкалары осы кәсіптік стандартқа қосымшада көрсетілген.

"Жерді қашықтықтан  
зондтау ғарыш жүйесінің  
ғарыш аппараттарын басқару"  
кәсіптік стандартына  
қосымша

## Кәсіптер карточкалары

"Телекоммуникациялық жүйелер бойынша техник" кәсібінің карточкасы	
Кәсіп коды	3114
Кәсіп атауы	Телекоммуникациялық жүйелер бойынша техник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4
БА бойынша біліктілік деңгейі	санатсыз, II санат, I санат
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім, практикалық тәжірибе. Біліктілікті арттыру курстары (мүмкіндігінше).
Еңбек функциясы	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Стандарттық практикалық тапсырмаларды орындау.</li><li>2. Қабылдап-тапсыру құрылғыларының жабдықтарын жөндеу/ қайта жөндеу, радиобайланыспен қамтамасыз ету.</li><li>3. Сызбаларды, схемаларды, техникалық құжаттаманы оқи білу.</li><li>4. Жалпы және арнайы мақсаттағы бағдарламалық қамтылыммен жұмыс істеу.</li><li>5. Анықтамалық материалдарды қолдану.</li><li>6. Кәсіптік мақсаттағы мәтіндерді құру және редакциялау дағдылары.</li><li>7. Штаттан тыс жағдайда қызметтің практикалық және үлгілік дағдылары.</li><li>8. Қойылған кәсіптік міндеттемелерді шешу үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу.</li><li>9. Бағдарламалау, аппараттық-бағдарламалық қамтылымды жөндеу және қызмет көрсету дағдыларын меңгеру.</li><li>10. Жұмыс жағдайларын өз бетінше талдауды қажет ететін әртүрлі үлгілік практикалық міндеттемелерді шешу.</li><li>11. Бағдарламалық қамтылымның және компьютерлік парктің штаттық жұмысын қамтамасыз ету.</li><li>12. Телеметрияны және телекомандаларды қабылдау-тапсырудың штаттық процесін қамтамасыз ету.</li></ol> <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. "Ғарыш қызметі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы.</li><li>2. "Ғарыш жүйелерінің ұлттық операторларын айқындау және "Ғарыш жүйелерінің ұлттық операторларын, сондай-ақ олардың міндеттері мен функцияларын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы</li></ol>

<p>Қабылдау-тапсыру құрылғыларына, сондай-ақ бағдарламалық қамтылымның және компьютерлік парктің қызмет көрсету және штаттық жұмысын қамтамасыз ету.</p>	<p>Үкіметінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 721 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 795 қаулысы.</p> <p>3. "Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесі ұлттық операторының ғарыш түсірілімдерін жоспарлау, Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін алу, өңдеу және тарату қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 511 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 313 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14113 болып тіркелген).</p> <p>4. "Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш зымыран кешендерін құру және пайдалану (қолдану) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 523 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12129 болып тіркелген).</p> <p>5. "Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ ғарыш кеңістігінде ғарыш жүйелерін құру және пайдалану (қолдану) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 525 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12090 болып тіркелген).</p> <p>6. Радиотехника, электроника және телекоммуникация, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтылым, компьютерлік модельдеу саласындағы білім.</p> <p>7. Жұмыс тақырыбы бойынша анықтамалық материалдар, жұмыстарды орындаудың негізгі әдістері, арнайы және анықтамалық әдебиеттерінде, жұмыс нұсқаулықтарында қолданылатын терминология, қызмет бағыты бойынша қолданыстағы салалық стандарттар және техникалық талаптар.</p> <p>8. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігінің негіздері.</p> <p>9. Қабылдау-тапсыру құрылғыларының әрекет ету қағидалары.</p> <p>10. Бағдарламалаудың негіздері.</p>	
<p>Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар</p>	<p>Дербестік. Тәртіптілік. Жауапкершілік. Оқуға, жаңа білім, біліктер және дағдылар алуға қабілеттілік. Кәсіпорынның корпоративтік мәдениетіне ниеттілік. Командада жұмыс істеу.</p>	
<p>СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс</p>	<p>2149</p>	<p>Инженер</p>
<p>"Инженер" кәсібінің карточкасы</p>		
<p>Кәсіп коды</p>	<p>2149</p>	
<p>Кәсіп атауы</p>	<p>Инженер</p>	
<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі</p>	<p>5</p>	
<p>БА бойынша біліктілік деңгейі</p>	<p>санатсыз, II санат, I санат</p>	
<p>Кәсіби білім деңгейі</p>	<p>Техникалық және кәсіби білім, практикалық тәжірибе. Ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе. Жоғары білім. Біліктілікті арттыру курстары (мүмкіндігінше).</p>	
<p></p>	<p></p>	

<p>1-еңбек функциясы Түсірілімнің жүзеге асырылуын бағалау арқылы ЖҚЗ ҒЖ ҒА түсірілімдер жоспарын құру</p>	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қойылған кәсіптік міндеттемелерді шешу үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу.</li> <li>2. Түсірілімнің мүмкіндігін бағалау дағдыларын меңгеру.</li> <li>3. Қазіргі заманғы бағдарламалық құралдарды қолдану.</li> <li>4. Ғарыш аппараттарының қашықтықтан зондтау жоспарларын құру дағдылары.</li> <li>5. Талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.</li> <li>6. Кәсіптік мақсаттағы мәтіндерді құру және редакциялау дағдылары.</li> <li>7. ЖҚЗ ҒЖ ҒА деректерін талдау негізінде практикалық міндеттемелерді шешу.</li> </ol>
	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ЖҚЗ ҒЖ ҒА-ның миссиясын жоспарлау, ғарыш аппараттарын басқару, радиотехника, электроника және телекоммуникация, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтылым, математикалық және компьютерлік модельдеу саласындағы білімдер.</li> <li>2. Жұмыс тақырыбы бойынша анықтамалық материалдар, жұмыстарды орындаудың негізгі әдістері, арнайы және анықтамалық әдебиеттерде, жұмыс нұсқаулықтарында қолданылатын терминология , қызмет бағыты бойынша қолданыстағы салалық стандарттар және техникалық талаптар.</li> <li>3. Техникалық ағылшын тілін білу.</li> </ol>
<p>2-еңбек функциясы ЖҚЗ ҒЖ ҒА ұшуының динамикасын талдау</p>	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қойылған кәсіптік міндеттемелерді шешу үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу.</li> <li>2. ЖҚЗ ҒЖ ҒА ұшу динамикасын талдау дағдылары.</li> <li>3. Қазіргі заманғы бағдарламалық құралдарды қолдану.</li> <li>4. Талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.</li> <li>5. Кәсіптік мақсаттағы мәтіндерді құру және редакциялау дағдылары.</li> <li>6. Технологиялық сипаттамасы бар тапсырмаларды ұйымдастыру және шешу.</li> </ol>
	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ЖҚЗ ҒЖ ҒА басқару, ЖҚЗ ҒЖ ҒА ұшу динамикасын талдау саласындағы білімдер.</li> <li>2. Жұмыс тақырыбы бойынша анықтамалық материалдар, жұмыстарды орындаудың негізгі әдістері, арнайы және анықтамалық әдебиеттерде, жұмыс нұсқаулықтарында қолданылатын терминология , қызмет бағыты бойынша қолданыстағы салалық стандарттар және техникалық талаптар.</li> <li>3. Техникалық ағылшын тілін білу.</li> </ol>
<p>3-еңбек функциясы ЖҚЗ ҒЖ ҒА ұшуының штаттық тәртібін қамтамасыз ету</p>	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қойылған кәсіптік міндеттемелерді шешу үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу.</li> <li>2. ЖҚЗ ҒЖ ҒА ұшуын басқару дағдыларын меңгеру.</li> <li>3. Қазіргі заманғы бағдарламалық құралдарды қолдану.</li> <li>4. Талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.</li> <li>5. Кәсіптік мақсаттағы мәтіндерді құру және редакциялау дағдылары.</li> <li>6. Технологиялық сипаттамасы бар тапсырмаларды ұйымдастыру және шешу.</li> </ol>
	<p>Білімі:</p>

	<p>1. ЖҚЗ ҒЖ ҒА басқару саласындағы білімдер, ЖҚЗ ҒЖ ҒА ұшу динамикасын талдау.</p> <p>2. Жұмыс тақырыбы бойынша анықтамалық материалдар, жұмыстарды орындаудың негізгі әдістері, арнайы және анықтамалық әдебиеттерде, жұмыс нұсқаулықтарында қолданылатын терминология, қызмет бағыты бойынша қолданыстағы салалық стандарттар және техникалық талаптар.</p> <p>3. Техникалық ағылшын тілін білу.</p>	
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	<p>Дербестік.</p> <p>Тәртіптілік.</p> <p>Жауапкершілік.</p> <p>Оқуға, жаңа білім, біліктер және дағдылар алуға қабілеттілік.</p> <p>Кәсіпорынның корпоративтік мәдениетіне ниеттілік.</p> <p>Өзін-өзі бақылау.</p> <p>Өз жұмысын ұйымдастыра білу.</p> <p>Ынталылық.</p> <p>Командада жұмыс істеу.</p> <p>Басқарушылық қабілеті.</p>	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс	2145	Техникалық қызмет көрсету бойынша жетекші инженер
"Техникалық қызмет көрсету бойынша жетекші инженер" кәсібінің карточкасы		
Кәсіп коды	2145	
Кәсіп атауы	Техникалық қызмет көрсету бойынша жетекші инженер	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	6	
БА бойынша біліктілік деңгейі	санатсыз	
Кәсіби білім деңгейі	Жоғары білім, практикалық тәжірибе. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Біліктілікті арттыру курстары.	
Еңбек функциясы ЖҚЗ ҒЖ ҒА басқару жөніндегі жұмыстарды ұйымдарстыру және бақылау	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алынған деректерді түсіндіру.</li> <li>2. Қойылған мақсаттарға сәйкес деректерді талдау әдістемесін таңдау, қорытынды мен тұжырымдарды жасау.</li> <li>3. Алынған деректерді жиынтықтау.</li> <li>4. ЖҚЗ ҒЖ ҒА басқару процесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау.</li> <li>5. Анықтамалық материалдарды қолдану.</li> <li>6. Кәсіптік мақсаттағы мәтіндерді құру және редакциялау дағдылары.</li> </ol> <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ЖҚЗ ҒЖ ҒА-ның миссиясын жоспарлау, ЖҚЗ ҒЖ ҒА басқару, ЖҚЗ ҒЖ ҒА ұшу динамикасын талдау саласындағы білімдер.</li> <li>2. Жаратылыстану ғылымы және математикалық цикл пәндерін білу.</li> <li>3. Жерді қашықтықтан зондтауда қолданылатын физикалық қағидаттар.</li> <li>4. ЖҚЗ ҒЖ ҒА басқару үшін бағдарламалық қамтылымның мәндері және параметрлері.</li> <li>5. Ақпаратты талдау әдістемелері.</li> <li>6. Техникалық ағылшын тілін білу.</li> <li>7. Сапа менеджменті жүйесінің негіздері.</li> <li>8. Нормативтік құжаттар, мемлекетаралық, ұлттық, салалық стандарттар және ұйымның стандарттары.</li> </ol>	



	<p>9. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігінің негіздері.</p> <p>10. Психология негіздері.</p>	
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	<p>Тәртіптілік.</p> <p>Өзін-өзі бақылау.</p> <p>Өз жұмысын ұйымдастыра білу.</p> <p>Өз бетінше оқу.</p> <p>Орындаушылық, талдамалық қабілеттілік.</p> <p>Ынталылық.</p> <p>Жауапкершілік.</p> <p>Басқару қабілеттілігі.</p> <p>Кәсіпорынның корпоративтік мәдениетіне ниеттілік.</p> <p>Командада жұмыс істеу.</p>	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс	1229	Бас инженер
"Бас инженер" кәсібінің карточкасы		
Кәсіп коды	1229	
Кәсіп атауы	Бас инженер	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	7	
БА бойынша біліктілік деңгейі	санатсыз	
Кәсіби білім деңгейі	Жоғары білім, практикалық тәжірибе. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім, практикалық тәжірибе. Біліктілікті арттыру курстары.	
Еңбек функциясы ЖҚЗ ҒЖ ҒА тіршілік етуін талдау және болжамдау	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмысын тиімді ұйымдастыра білу, қызмет нәтижелерін өздігінен бағалау, жұмыс тобының мақсатын қалыптастыру, қойылған міндеттемелерді бөлу мен орындауды үйлестіру, қызметкерлерге тәжірибе беру және көмек көрсету, алған ақпаратты талдау, ондағы бастыларын бөлу, оның негізінде жаңа білім жасау.</li> <li>2. Жаңа білім алудың әдістемесін және арнайы құралдарын пайдалана отырып, өзі немесе топ құрамында ғылыми ізденіс жүргізу.</li> <li>3. Анықтамалық материалдарды қолдану.</li> <li>4. Жекелеген бағыттар бойынша қызметті үйлестіру, өздігінен жұмыс істеу, құрылымдық шешім қалыптастыру, әртүрлі дереккөздерінен ақпаратты алу мен өңдеу, ақпараттық-коммуникациялық кеңістікте жұмыс істеу.</li> <li>5. Компьютерлік модельдеуді, жалпы және арнайы бағдарламалық құралдарды пайдалану арқылы есептеуді жүзеге асыру.</li> <li>6. Жұмыс жоспарын әзірлеу, ЖҚЗ ҒЖ ҒА пайдаланудың озық тәжірибесін қолдану.</li> <li>7. Тәуекелді талдау, жұмыстарды техникалық тапсырмаға, нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізу.</li> <li>8. Материалдарды дайындау, жариялауға ғылыми мақалаларды дайындау және техникалық есептемелерді ресімдеу.</li> </ol>	
	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ЖҚЗ ҒЖ ҒА-ның миссиясын жоспарлау, ЖҚЗ ҒЖ ҒА басқару, ЖҚЗ ҒЖ ҒА ұшу динамикасын талдау саласындағы білімдер.</li> <li>2. Жаратылыстану ғылымы және математикалық цикл пәндерін білу.</li> <li>3. Жерді қашықтықтан зондтауда қолданылатын физикалық қағидаттар.</li> </ol>	

	<p>4. Іскерлік әкімшілік ету, жобаларды басқару салаларындағы білімдер.</p> <p>5. Ақпаратты талдау әдістемелері.</p> <p>6. Техникалық ағылшын тілін білу.</p> <p>7. Сапа менеджменті жүйесінің негіздері.</p> <p>8. Нормативтік құжаттар, мемлекетаралық, ұлттық, салалық стандарттар және ұйымның стандарттары.</p> <p>9. Еңбекті ғылыми ұйымдастыру.</p>	
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	<p>Командалық жұмысты қалыптастыру.</p> <p>Өз бетінше оқу.</p> <p>Өзін-өзі бақылау.</p> <p>Шапшаңдық.</p> <p>Орындаушылық, талдамалық қабілеттілік.</p> <p>Ынталылық.</p> <p>Жауапкершілік.</p> <p>Жүйелік ойлау.</p> <p>Басқару қабілеттілігі.</p>	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс	1210	Бас конструктор
"Бас конструктор" кәсібінің карточкасы		
Кәсіп коды	1210	
Кәсіп атауы	Бас конструктор	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	8	
БА бойынша біліктілік деңгейі	санатсыз	
Кәсіби білім деңгейі	Жоғары білім, практикалық тәжірибе. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім, практикалық тәжірибе. Біліктілікті арттыру курстары.	
Еңбек функциясы ЖҚЗ ҒЖ ҒА басқаратын кәсіпорын жұмысын талдау және бағалау	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <p>1. Кәсіпорынның даму стратегиясын анықтау, күрделі өндірістік ғылыми процестерді басқару.</p> <p>2. Бір-бірімен байланысатын кәсіпорындармен және кооперация кәсіпорындарымен және саланың басқа ұйымдарымен өзара әрекет ету.</p> <p>3. Жұмысын тиімді ұйымдастыра білу, қызмет нәтижелерін өздігінен бағалау, жұмыс тобының мақсатын қалыптастыру, қойылған міндеттемелерді бөлу мен орындауды үйлестіру, қызметкерлерге тәжірибе беру және көмек көрсету, алған ақпаратты талдау, ондағы бастыларын бөлу, оның негізінде жаңа білім жасау.</p> <p>4. Жаңа білім алудың әдістемесін және арнайы құралдарын пайдалана отырып, өзі немесе топ құрамында ғылыми ізденіс жүргізу.</p> <p>5. Ақпараттық материалдарды пайдалану.</p> <p>6. Жекелеген бағыттар бойынша қызметті үйлестіру, өздігінен жұмыс істеу, құрылымдық шешім қалыптастыру, әртүрлі дереккөздерден ақпарат алу және өңдеу, ақпараттық-коммуникациялық кеңістікте жұмыс істеу.</p> <p>7. Компьютерлік модельдеуді, жалпы және арнайы бағдарламалық құралдарды пайдалану арқылы есептеуді жүзеге асыру.</p> <p>8. Жұмыс жоспарын әзірлеу, ЖҚЗ ҒЖ ҒА пайдаланудың озық тәжірибесін қолдану.</p> <p>9. Тәуекелді талдау, жұмыстарды техникалық тапсырмаға, нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізу.</p>	

	10. Материалдарды дайындау, жариялауға ғылыми мақалаларды дайындау және техникалық есептемелерді ресімдеу.
	Білімі: 1. Іскерлік әкімшілік ету, персоналды басқару салаларында білімдер. 2. Жаратылыстану ғылымы және математикалық цикл пәндерін білу. 3. Жерді қашықтықтан зондтауда қолданылатын физикалық қағидағтар. 4. ЖҚЗ ҒЖ ҒА мәндері және параметрлері. 5. Ақпаратты талдау әдістемелері. 6. Техникалық ағылшын тілін білу. 7. Сапа менеджменті жүйесінің негіздері. 8. Нормативтік құжаттар, мемлекетаралық, ұлттық, салалық стандарттар және ұйымның стандарттары. 9. Еңбекті ғылыми ұйымдастыру. 10. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігінің негіздері. 11. Персоналды басқару негіздері. 12. Психология негіздері.
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	Командалық жұмысты қалыптастыру. Тиімді коммуникация. Өзін-өзі бақылау. Өз жұмысын ұйымдастыру. Орындаушылық, талдамалық қабілеттілік. Ынталылық. Жауапкершілік. Басқару қабілеттілігі. Жүйелік ойлау.
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс	-
Кәсіптік стандарттың техникалық деректері	
Әзірлеген	"Қазақстан Ғарыш Сапары" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы	2-нұсқа, 2017 жыл
Қайта қараудың болжалды күні	2020 жыл

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс және аэроғарыш  
өнеркәсібі министрінің  
2018 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 216/НҚ бұйрығына  
2-қосымша

## **"Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін қабылдау және өңдеу" кәсіптік стандарты**

### **Тарау 1. Жалпы ережелер**

1. "Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін қабылдау және өңдеу" кәсіптік стандарты Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің

деректерін қабылдау және өңдеу саласындағы маманға, оның дағдыларына, біліктеріне және құзыреттіліктеріне қойылатын біліктілік талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға жұмыскер дайындығының, оның білімі, машықтары және дағдыларының дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын жұмыскердің даярлық деңгейіне және құзыреттілігіне қойылатын талаптардың жиынтығы. Біліктілік деңгейі ұлттық және салалық біліктілік шеңберлері дескрипторларының деңгейіне және мазмұнына сәйкес келеді;

3) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысқан іс-қимылдар жиынтығы;

4) еңбекті ғылыми ұйымдастыру – еңбекті ұйымдастыру саласында ғылыми және тәжірибелік жетістіктерге негізделген еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру процесі;

5) Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау – ғарыш кеңістігінен құрлық, мұхит және атмосфера элементтерінің өзіндік және шағылысқан сәулеленуін бақылау мен өлшеу арқылы Жер беті туралы ақпарат алу процесі;

6) Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау ақпараттық өнімдері – пайдаланушының қажеттіліктеріне немесе алдын ала белгіленген өңдеу деңгейіне сәйкес таратуға тағайындалған немесе ұсынылған Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректері;

7) Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау алғашқы деректері – Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау аппаратурасынан алынатын және электромагниттік сигналдар түрінде радиоарна бойынша ақпаратты қабылдағыш жерүсті құралдарына тарайтын немесе фотоүлдір, электрондық және басқа ақпарат тасымалдаушыларын пайдалану арқылы жеткізілетін өңделмеген деректер;

8) Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау алғашқы деректерін алдын ала (стандарттық) өңдеу – аппараттық-бағдарламалық құралдармен Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау алғашқы деректерін геометриялық және радиометриялық түзету, сондай-ақ алынған суреттерді стандарттық немесе белгіленген картографиялық кескінге келтіру;

9) Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесі – ғарыш түсірілімдері арқылы ғылыми, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және қорғаныс міндеттерін шешу мақсатында Жер беті және жер беті құрылымы туралы кеңістіктік деректерді жинауға, жаратылыстық табиғи параметрлер мен құбылыстардың, табиғи ресурстардың, қоршаған ортаның, сондай-ақ антропогендік факторлар

мен түзілімдердің сипаттамасын және уақытша құбылмалылығын сипаттауға арналған жүйе;

10) Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректері – Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтаудың ғарыш аппаратынан тікелей алынған алғашқы деректер, сондай-ақ оларды алдын ала өңдеу (радиометрлік және геометриялық түзету) нәтижесінде алынған материалдар;

11) Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін қабылдау – Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш аппараттарынан сигналдарды қабылдау процесі және оларды электрондық файлдарға өзгерту, сондай-ақ әртүрлі ақпарат тасымалдаушыларына сақтау;

12) Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін өңдеу – әртүрлі мақсаттарда кейінгі пайдалану, сондай-ақ әртүрлі тақырыптық карталарды құру үшін мәліметтерді алу мақсатында Жер бетінің математикалық картографиялық үлгілерін алу үшін Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтауды өзгерту алгоритмдерін қолдану процесі;

13) Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау қызметі – ғарыш және жерүсті Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау құралдарын пайдалану, Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін қабылдау, тіркеу, сақтау, өңдеу және тарату;

14) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығынан және оларды орындауға қажетті құзыреттіліктерден қалыптасқан кәсіптер жиынтығы;

15) кәсіптік стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

16) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде игерілген және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, машықтарды және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметі кәсіптерінің негізгі түрі;

17) кәсіптік топ – ортақ интеграциялық негізі (ұқсас немесе бір-біріне жақын міндет, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және еңбек функциялары мен оларды орындау үшін құзыреттіліктердің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

18) құзыреттілік – жұмыскердің кәсіби және еңбек қызметінде білімін, машықтарын және тәжірибесін қолдану қабілеті;

19) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

20) тақырыптық шифрді шығарып оқу – Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректері негізінде Жер беті туралы ақпаратты алу, тақырыптық карталарды құру мақсатында аэро- және ғарыш түсірілімдерінің материалдарын талдау;

21) фотограмметриялық өңдеу – фотограмметриялық түсірілімнің метрлік және фотометрлік ақпаратын фотограмметриялық түсірілім объектісі туралы геометриялық және семантикалық ақпаратқа өзгертумен байланысты технологиялық процесстердің жиынтығы.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) СБШ–салалық біліктілік шеңбері;

2) БА – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7755 болып тіркелген);

3) ЖҚЗ – Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау.

## **Тарау 2. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Жерді қашықтықтан зондтау деректерін қабылдау және өңдеу".

5. Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: Жерді қашықтықтан зондтау деректерін қабылдау және өңдеу бойынша кәсіптік қызмет саласындағы маманға, оның дағдыларына, біліктеріне және құзыреттіліктеріне қойылатын біліктілік талаптарды белгілеу, мамандарды даярлау және қайта даярлау талаптарын анықтау, оларды бағалау және аттестаттау үшін негіз.

6. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: ЖҚЗ ғарыш жүйесінің деректерін қабылдау және өңдеу– ЖҚЗ деректерін қабылдау бойынша жабдықтардың штаттық тәртіпте жұмыс істеуін қамтамасыз етуді және ЖҚЗ деректерін қабылдау, алғашқы (радиометриялық және геометриялық түзетулер) және фотограмметриялық, тематикалық өңдеуді қамтиды.

7. Негізгі топ: Физикалық және инженерлік қызмет бағыттары саласындағы біліктілік деңгейі орташа мамандар, табиғи және инженерлік ғылымдар саласының мамандары, ұйымдардың және олардың құрылымдық бөлімшелерінің (қызметтерінің) басшылары.

Кәсіптік топ: Электрондық есептеу машинасына және әртүрлі компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсету жөніндегі техниктер мен операторлар, инженерлер мен тектес кәсіптер мамандары, мамандандырылған (өндірістік-пайдалану) бөлімшелерінің (қызметтерінің) басшылары, ұйымдардың басшылары.

## **Тарау 3. Кәсіптер карточкалары**

8. Кәсіптер тізбесі:

1) техник-бағдарламашы – СБШ бойынша 4-біліктілік деңгейі;

- 2) инженер – СБШ бойынша 5-біліктілік деңгейі;  
 3) техникалық қызмет көрсету бойынша жетекші инженер – СБШ бойынша 6-біліктілік деңгейі;  
 4) бас инженер – СБШ бойынша 7-біліктілік деңгейі;  
 5) бас конструктор – СБШ бойынша 8-біліктілік деңгейі.  
 Кәсіптер карточкалары осы кәсіптік стандартқа қосымшада көрсетілген.

"Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін қабылдау және өңдеу" кәсіптік стандартына қосымша

### Кәсіптер карточкалары

"Техник-бағдарламашы" кәсібінің карточкасы	
Кәсіп коды	3122
Кәсіп атауы	Компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсету бойынша техник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4
БА бойынша біліктілік деңгейі	санатсыз, II санат, I санат
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім, практикалық тәжірибе. Біліктілікті арттыру курстары (мүмкіндігінше).
Еңбек функциясы ЖҚЗ деректерін қабылдау және өңдеу процесінің аппараттық-бағдарламалық қамтылымның штаттық жұмыс істеуін қамтамасыз ету	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Стандарттық практикалық тапсырмаларды орындау.</li> <li>2. Қойылған кәсіптік міндеттемелерді шешу үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу.</li> <li>3. Сызбаларды, схемаларды, техникалық құжаттаманы оқи білу.</li> <li>4. Компьютерлік жабдықтарды жөндеу/қайта жөндеу, жинақтау, корпоративтік желіні күйге келтіру.</li> <li>5. Жалпы және арнайы мақсаттағы бағдарламалық қамтылыммен жұмыс істеу.</li> <li>6. Бағдарламалау, сондай-ақ жөндеу және қызмет көрсету, аппараттық-бағдарламалық қамтылым дағдыларын меңгеру.</li> <li>7. Анықтамалық материалдарды қолдану.</li> <li>8. Кәсіптік мақсаттағы мәтіндерді құру және редакциялау дағдылары.</li> </ol> <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Деректер базасын басқару, бағдарламалау саласындағы білім.</li> <li>2. Жұмыс тақырыбы бойынша анықтамалық материалдар, жұмыстарды орындаудың негізгі әдістері, арнайы және анықтамалық әдебиеттерінде, жұмыс нұсқаулықтарында қолданылатын терминология, қызмет бағыты бойынша қолданыстағы салалық стандарттар және техникалық талаптар.</li> <li>3. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігінің негіздері.</li> </ol>
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	<p>Дербестік.        Тәртіптілік.        Өз бетімен оқуға қабілеттілік.        Жауапкершілік.        Командада жұмыс істеу.</p>

СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс	2149	Инженер
"Инженер" кәсібінің карточкасы		
Кәсіп коды	2149	
Кәсіп атауы	Инженер	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5	
БА бойынша біліктілік деңгейі	санатсыз, II санат, I санат	
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім, практикалық тәжірибе. Ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе. Жоғары білім. Біліктілікті арттыру курстары (мүмкіндігінше).	
Еңбек функциясы ЖҚЗ деректерін қабылдау және алғашқы (стандарттық), фотограмметриялық өңдеу, сондай-ақ ЖҚЗ деректерінің шифрін ашу.	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <p>8. Қойылған кәсіптік міндеттемелерді шешу үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу.</p> <p>9. Қазіргі заманғы бағдарламалық құралдарды қолдану.</p> <p>10. ЖҚЗ деректерін радиометрикалық және геометрикалық түзету дағдылары.</p> <p>11. Талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу</p> <p>12. Кәсіптік мақсаттағы мәтіндерді құру және редакциялау дағдылары</p> <p>13. ЖҚЗ деректерін фотограмметриялық өңдеу.</p> <p>14. ЖҚЗ деректерінің шифрін ашу.</p> <p>Білімі:</p> <p>4. Қашықтықтан зондтау деректерін алғашқы (стандарттық) өңдеу саласындағы білім.</p> <p>5. Жұмыс тақырыбы бойынша анықтамалық материалдар, жұмыстарды орындаудың негізгі әдістері, арнайы және анықтамалық әдебиеттерінде, жұмыс нұсқаулықтарында қолданылатын терминология, қызмет бағыты бойынша қолданыстағы салалық стандарттар және техникалық талаптар.</p> <p>6. Техникалық ағылшын тілін білу.</p>	
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	<p>Дербестік.</p> <p>Командада жұмыс істеу.</p> <p>Білімді және дағдыларды жүйелеу.</p> <p>Өз бетімен оқу.</p> <p>Тәртіптілік.</p> <p>Жауапкершілік.</p> <p>Кәсіпорынның корпоративтік мәдениетіне ниеттілік.</p>	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс	2145	Техникалық қызмет көрсету бойынша жетекші инженер
"Техникалық қызмет көрсету бойынша жетекші инженер" кәсібінің карточкасы		
Кәсіп коды	2145	
Кәсіп атауы	Техникалық қызмет көрсету жөніндегі жетекші инженер	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	6	
БА бойынша біліктілік деңгейі	санатсыз	
Кәсіби білім деңгейі	Жоғары білім, практикалық тәжірибе. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Біліктілікті арттыру курстары.	
	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <p>7. Алынған деректерді түсіндіру.</p>	



	<p>8. ЖҚЗ деректерін талдау үшін қазіргі заманғы бағдарламалық құралдарды қолдану.</p> <p>9. Қойылған мақсаттарға сәйкес деректерді талдау әдістемелігін таңдау, қорытынды және тұжырымдама жасау.</p> <p>10. Алынған деректерді жиынтықтау.</p> <p>11. ЖҚЗ деректерін өңдеу әдістемелігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау.</p> <p>12. Анықтамалық материалдарды қолдану.</p> <p>13. Кәсіптік мақсаттағы мәтіндерді құру және редакциялау дағдылары.</p>	
<p>Еңбек функциясы ЖҚЗ деректерін қабылдау және өңдеу жұмыстарын сүйемелдеу</p>	<p>Білімі:</p> <p>11. ЖҚЗ негіздері.</p> <p>12. Жаратылыстану ғылымы және математикалық бағыттар саласындағы білімдер.</p> <p>13. ЖҚЗ қолданылатын физикалық қағидаттары.</p> <p>14. ЖҚЗ ғарыш жүйесінің ғарыш аппараттарын басқару үшін бағдарламалық қамтылымның мәндері және параметрлері.</p> <p>15. Ақпаратты талдау әдістемелері.</p> <p>16. Техникалық ағылшын тілін білу.</p> <p>17. Сапа менеджменті жүйесі негіздері.</p> <p>18. Нормативтік құжаттар, мемлекетаралық, ұлттық, салалық стандарттар және ұйымның стандарттары.</p> <p>19. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігінің негіздері.</p> <p>20. Психология негіздері.</p>	
<p>Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар</p>	<p>Тәртіптілік.</p> <p>Өзін-өзі бақылау.</p> <p>Өз жұмысын ұйымдастыра білу.</p> <p>Өз бетінше оқу.</p> <p>Орындаушылық, талдамалық қабілеттілік.</p> <p>Ынталылық.</p> <p>Жауапкершілік.</p> <p>Басқарушылық қабілеттілік.</p> <p>Кәсіпорынның корпоративтік мәдениетіне ниеттілік.</p> <p>Командада жұмыс істеу.</p>	
<p>СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс</p>	<p>1229</p>	<p>Бас инженер</p>
<p>"Бас инженер" кәсібінің карточкасы</p>		
<p>Кәсіп коды</p>	<p>1229</p>	
<p>Кәсіп атауы</p>	<p>Бас инженер</p>	
<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі</p>	<p>7</p>	
<p>БА бойынша біліктілік деңгейі</p>	<p>санатсыз</p>	
<p>Кәсіби білім деңгейі</p>	<p>Жоғары білім, практикалық тәжірибе. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім, практикалық тәжірибе. Біліктілікті арттыру курстары.</p>	
	<p>Біліктері және дағдылары:</p> <p>9. Жұмысын тиімді ұйымдастыруды білу.</p> <p>10. Қызмет нәтижелерін өздігінен бағалау.</p> <p>11. Жұмыс тобының мақсатын қалыптастыру.</p> <p>12. Қойылған міндеттемелерді бөлу мен орындауды үйлестіру.</p>	

Еңбек функциясы ЖҚЗ деректерді қабылдау және өңдеу жұмыстарын үйлестіру	<p>13. Қызметкерлерге тәжірибе беру және көмек көрсету.</p> <p>14. Алынған ақпаратты талдау, оның ішінде бастысын айқындау, оның негізінде жаңа білім дайындау.</p> <p>15. Жаңа білім алудың әдістемесін және арнайы құралдарын пайдалана отырып, өзі немесе топ құрамында ғылыми ізденіс жүргізу.</p> <p>16. Анықтамалық материалдарды қолдану.</p> <p>17. Бөлек бағыттар бойынша қызметті үйлестіру, өздігінен жұмыс істеу, құрылымдық шешім қалыптастыру дағдылары.</p> <p>18. Әртүрлі дереккөздерінен ақпаратты алу мен өңдеу.</p> <p>19. Ақпараттық-коммуникациялық кеңістікте жұмыс істеу.</p> <p>20. Компьютерлік модельдеуді, жалпы және арнайы бағдарламалық құралдарды пайдалану арқылы есептеуді жүзеге асыру.</p> <p>21. Жұмыс жоспарын әзірлеу.</p> <p>22. ЖҚЗ ғарыш аппараты пайдаланудың озық тәжірибесін қолдану.</p> <p>23. Тәуекелді талдау.</p> <p>24. Техникалық тапсырмаға, нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды жүргізу.</p> <p>25. Материалдарды дайындау, жариялауға ғылыми мақалаларды дайындау және техникалық есептемені рәсімдеу.</p>	
	<p>Білімі:</p> <p>10. ЖҚЗ деректерін өңдеу саласындағы білімдер.</p> <p>11. Жаратылыстану ғылымы және математикалық цикл пәндерін білу, ЖҚЗ қолданылатын физикалық қағидаттар.</p> <p>12. Искерлік әкімшілік ету және басқару (менеджмент) облыстарында білімдер.</p> <p>13. Ақпаратты талдау әдістемелері.</p> <p>14. Техникалық ағылшын тілін білу.</p> <p>15. Сапа менеджменті жүйесі негіздері.</p> <p>16. Нормативтік құжаттар, мемлекетаралық, ұлттық, салалық стандарттар және ұйымның стандарттары.</p> <p>17. Еңбекті ғылыми ұйымдастыру.</p>	
Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар	<p>Командалық жұмысты қалыптастыру.</p> <p>Дербестік.</p> <p>Өз жұмысын ұйымдастыру.</p> <p>Шапшаңдық.</p> <p>Орындаушылық, талдамалық қабілеттілік.</p> <p>Жауапкершілік.</p> <p>Басқарушылық қабілеттілік.</p> <p>Кәсіби білімі мен тәжірибесін синтездеу.</p>	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс	1210	Бас конструктор
"Бас конструктор" кәсібінің карточкасы		
Кәсіп коды	1210	
Кәсіп атауы	Бас конструктор	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	8	
БА бойынша біліктілік деңгейі	санатсыз	
Кәсіби білім деңгейі	Жоғары білім, практикалық тәжірибе. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім, практикалық тәжірибе. Біліктілікті арттыру курстары.	
	Біліктері және дағдылары:	

<p>Еңбек функциясы ЖҚЗ деректерін қабылдау және өңдеу кәсіпорнының жұмысын талдау және бағалау</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кәсіпорынның даму стратегиясын анықтау, күрделі өндірістік ғылыми процестерді басқару.</li> <li>2. Бір-бірімен байланысатын кәсіпорындармен және кооперация кәсіпорындарымен және саланың басқа да ұйымдармен өзара әрекет ету.</li> <li>3. Жұмысын тиімді ұйымдастыруды білу.</li> <li>4. Қызмет нәтижелерін өздігінен бағалау.</li> <li>5. Жұмыс тобының мақсатын қалыптастыру.</li> <li>6. Қойылған міндеттемелерді бөлу мен орындауды үйлестіру.</li> <li>7. Қызметкерлерге тәжірибе беру және көмек көрсету.</li> <li>8. Алынған ақпаратты талдау, оның ішінде бастысын айқындау, оның негізінде жаңа білім дайындау.</li> <li>9. Жаңа білім алудың әдістемесін және арнайы құралдарын пайдалана отырып, өзі немесе топ құрамында ғылыми ізденіс жүргізу.</li> <li>10. Анықтамалық материалдарды қолдану.</li> <li>11. Бөлек бағыттар бойынша қызметті үйлестіру, өздігінен жұмыс істеу, құрылымдық шешім қалыптастыру дағдылары.</li> <li>12. Әртүрлі дерек көздерінен ақпаратты алу мен өңдеу.</li> <li>13. Ақпараттық-коммуникациялық кеңістікте жұмыс істеу.</li> <li>14. Компьютерлік модельдеуді, жалпы және арнайы бағдарламалық құралдарды пайдалану арқылы есептеуді жүзеге асыру.</li> <li>15. Жұмыс жоспарын әзірлеу.</li> <li>16. ЖҚЗ ғарыш аппаратын пайдаланудың озық тәжірибесін қолдану.</li> <li>17. Тәуекелді талдау.</li> <li>18. Техникалық тапсырмаға, нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды жүргізу.</li> <li>19. Материалдарды дайындау, жариялауға ғылыми мақалаларды дайындау және техникалық есептемені ресімдеу.</li> </ol>
	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>13. ЖҚЗ саласындағы білімдер, ЖҚЗ қолданылатын физикалық қағидаттар.</li> <li>14. ЖҚЗ деректерін қабылдау және өңдеу үшін бағдарламалық қамтылымның мәндері және параметрлері.</li> <li>15. ЖҚЗ нәтижелерін өңдеу әдістері.</li> <li>16. Іскерлік әкімшілік ету және басқару (менеджмент) облыстарында білімдер.</li> <li>17. Жаратылыстану ғылымы және математикалық цикл пәндерін білу.</li> <li>18. Ақпаратты талдау әдістемесі.</li> <li>19. Техникалық ағылшын тілін білу.</li> <li>20. Сапа менеджменті жүйесі негіздері.</li> <li>21. Нормативтік құжаттар, мемлекетаралық, ұлттық, салалық стандарттар және ұйымның стандарттары.</li> <li>22. Еңбекті ғылыми ұйымдастыру.</li> <li>23. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігінің негіздері.</li> <li>24. Психология негіздері.</li> </ol>
<p>Жеке құзыреттілікке қойылатын талаптар</p>	<p>Командалық жұмысты қалыптастыру. Өз жұмысын ұйымдастыру. Орындаушылық, талдамалық қабілеттілік. Басқарушылық қабілеттілік. Кәсіби білімі мен тәжірибесін синтездеу.</p>

СБШ шенберінде басқа кәсіптермен байланыс	-
Кәсіптік стандарттың техникалық деректері	
Әзірлеген	"Қазақстан Ғарыш Сапары" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы	2-нұсқа, 2017 жыл
Қайта қараудың болжалды күні	2020 жыл

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс және аэроғарыш  
өнеркәсібі министрінің  
2018 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 216/НҚ бұйрығына  
3-қосымша

## **"Ғарыш аппараттары мен ғарыш жүйелерін жобалау" кәсіби стандарты**

### **Тарау 1. Жалпы ережелер**

1. "Ғарыш аппараттары мен ғарыш жүйелерін жобалау" кәсіби стандарты ғарыш аппараттары мен ғарыш жүйелерін жобалау бойынша кәсіптік қызмет саласындағы маманға, оның дағдыларына, біліктеріне және құзыреттеріне қойылатын біліктілік талаптарды белгілейді.

Кәсіби стандарт:

кәсіптік қызмет мазмұнына бірыңғай талаптарды жасау, жаңа технологиялардың пайда болуы мен еңбек нарығының қажеттілігін есепке ала отырып, біліктілік талаптарды анықтау;

қызметкерлердің еңбек саласы мен кәсіптік білімі саласындағы өзара іс-қимылды реттеу;

қызметкерлердің білім беру стандарттарын, даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіптік қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу үшін талаптарды регламенттеу;

персоналды аттестаттау мен сертификаттау кезінде қызметкерлердің құзыретін бағалау үшін талаптарды регламенттеу;

персоналды басқару, еңбектің сапасы, уәждемесі мен ынталандыру жүйесін жасау, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету саласында міндеттерді кең көлемде шешуге және басқаларға арналған.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға жұмыскер дайындығының, оның білімі, машықтары және дағдыларының дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын

жұмыскердің даярлық деңгейіне және құзыреттілігіне қойылатын талаптардың жиынтығы. Біліктілік деңгейі ұлттық және салалық біліктілік шеңберлері дескрипторларының деңгейіне және мазмұнына сәйкес келеді;

3) ғарыш аппараты – ғарыш кеңістігін зерттеу және (немесе) пайдалану мақсатында ғарыш кеңістігіне шығаруға арналған техникалық құрылғы;

4) ғарыш жүйесі – ғарыш кеңістігіндегі міндеттерді шешуге арналған функционалдық-өзара байланысты орбиталық және жерүсті техникалық құралдарының жиынтығы;

5) еңбек жағдайлары – еңбекке ақы төлеу, еңбекті нормалау, еңбек міндеттерін орындау, жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі жағдайлары, кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқару, қызмет көрсету аймақтарын кеңейту, жұмыста уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқару, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тәртібі, техникалық, өндірістік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ тараптардың келісуі бойынша өзге де еңбек жағдайлары;

6) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысқан іс-қимылдар жиынтығы;

7) еңбекті ғылыми ұйымдастыру – еңбекті ұйымдастыру саласында ғылыми және практикалық жетістіктерге негізделген еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру процесі;

8) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығынан және оларды орындауға қажетті құзыреттіліктерден қалыптасқан кәсіптер жиынтығы;

9) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

